

**Аудандық Мәслихаттың 2003 жылғы 11 ақпандағы N 23-7 "Тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі және азаматтардың, кейбір жекелеген топтардың коммуналдық қызметке төлейтін төлемдерін өтеу тәртібі туралы" Ережесін бекіту туралы" (Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылдың 19 наурызында мемлекеттік реестріне N 874 болып тіркелген) шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Сарысу аудандық мәслихатының 2004 жылғы 17 ақпандағы N 4-14 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 31 наурызда N 1287 тіркелді. Күші жойылды-Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 50-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 07.09.2015 жылғы № 50-4 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Заңының 2 тармағын негізге ала отырып аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық Мәслихатының 2003 жылғы 11 ақпандағы N 23-7 "Тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі және азаматтардың, кейбір жекелеген топтардың коммуналдық қызметке төлейтін төлемдерін өтеу тәртібі туралы" Ережесін бекіту туралы" (Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылдың 19 наурызында мемлекеттік реестріне N 874 болып тіркелген, 2003 жылғы 5 сәуірдегі N 14 "Сарысу" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тараудың:

1.3. тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй жәрдемақысы Жаңатас қаласында есепте тіркеліп, тұрақты тұратын тұрғын үй иесі немесе ордермен" деген сөздер "және уақытша 1 жылға жасалынған келісім шартпен тұратын отбасыларына (Жаңатас қаласының әкімі аппараты ұсынған аз қамтамасыз етілген отбасыларының тізімі)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған

ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Аудандық Мәслихат Аудандық Мәслихат*

*4-сессиясының төрағасы хатшысы*

*П.Дүйсенбин Л.Лысова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК